

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 501-V ҚРЗ.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.**

### **1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:**

1. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 33-құжат; № 10, 50-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 103-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"103-1-бап. Химиялық кастрациялау";

2) 95-баптың 4-тармағы 5) тармақшасындағы "негіздер болған кезде жол беріледі." деген сөздер "негіздер болған кезде;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) азаматта психикалық ауытқушылықтар мен сексуалдық зорлық-зомбылыққа бейімділік анықталған кезде жол беріледі.";

3) мынадай мазмұндағы 103-1-баппен толықтырылсын:

"103-1-бап. Химиялық кастрациялау

1. Химиялық кастрациялау – медициналық ұйым сот шешімі негізінде жүзеге асыратын, жыныстық құмарлықты азайтатын препараттарды қабылдау.

2. Пайдаланылатын дәрілік препараттың түрін, оны сот белгілеген қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының қолданылу мерзімі шеңберінде енгізу

кезеңділігін, сондай-ақ аталған шараны қолдану тәртібін Бас прокуратурамен және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайды."

2. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 6, 28-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 23-II, 170-құжат):

1) мазмұнында:

4-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бөлім. Қорғаншылық немесе қамқоршылық, Республикалық деректер банкі, баланы қабылдайтын және бала қонақтайтын отбасы";

мынадай мазмұндағы 15-1-тараудың, 118-1, 118-2, 118-3, 118-4, 118-5-баптардың, 17-1-тараудың, 132-1, 132-2, 132-3, 132-4, 132-5-баптардың, 18-1-тараудың, 137-1, 137-2, 137-3 және 137-4-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"15-1-тарау. Республикалық деректер банкі

118-1-бап. Республикалық деректер банкіні қалыптастыруға және пайдалануға қойылатын талаптар

118-2-бап. Республикалық деректер банкіні қалыптастыру

118-3-бап. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы құпия ақпаратқа қол жеткізу

118-4-бап. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкінде есепке алуды тоқтату

118-5-бап. Республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны және оларды жария еткені үшін жауаптылық";

"17-1-бап. Баланы қабылдайтын отбасы

132-1-бап. Баланы қабылдайтын отбасы

132-1-бап. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарт

132-3-бап. Баланы қабылдайтын ата-аналар

132-4-бап. Баланы қабылдайтын отбасына берілетін жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар

132-5-бап. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру";

"18-1-тарау. Бала қонақтайтын отбасы

137-1-бап. Бала қонақтайтын отбасы

137-2-бап. Бала қонақтайтын отбасына баланы беру туралы шарт

137-3-бап. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдаған адам

137-4-бап. Бала қонақтайтын отбасына берілетін бала";

2) 1-баптың 1-тармағында:

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) баланың заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын ата-аналар (ата-ана), бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана (баланы қабылдайтын ата-аналар), патронат тәрбиеші және оларды алмастырушы басқа да адамдар;"

мынадай мазмұндағы 10-1), 11-1) және 17-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) бала қонақтайтын отбасы – барлық үлгідегі ұйымдардағы (білім беру, медициналық және басқалар), жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды білім беру процесіне байланысты емес кезеңдерде (каникулдар, демалыс және мереке күндері) тәрбиелеуге уақытша қабылдаған отбасы;"

"11-1) баланы қабылдайтын отбасы – жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы кемінде төрт және оннан аспайтын жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы тәрбиелеуге қабылдайтын отбасына орналастыру нысаны;"

"17-1) Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі (бұдан әрі – Республикалық деректер банкі) – жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы, сондай-ақ жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді қамтитын дерекқор;"

3) 84-бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) туыстарына, асырап алынатын баланың (балалардың) анасымен немесе әкесімен некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдарға баланы асырап алуға келісім берген;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 2-тармағының 1) — 3), 5) және 6) тармақшаларында аталған, Республикалық деректер банкінде есепте тұрған балалар азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан, балалардың туыстарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен асырап алуға берілуі мүмкін.";

4-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Республикалық деректер банкінде орталықтандырылған есепте тұрған балалар Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына асырап алуға берілуі мүмкін.

Баланы туыстары, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары асырап алмаған жағдайларда ғана Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Республикалық деректер банкінде орталықтандырылған есепте тұрған балалар шетелдіктерге асырап алуға берілуі мүмкін.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы баптың 2-тармағының 1) — 3), 5) және 6) тармақшаларында аталған балаларды асырап алуға беру туралы рұқсатты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган комиссия қорытындысы негізінде береді.";

4) 86-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Асырап алынған баланың өмір сүру, оқу, тәрбие жағдайлары туралы және денсаулық жағдайы туралы есепті ұсыну тәртібі мен мерзімдерін, нысанын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.";

5) 87-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеде тұратын шетелдіктердің Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы Қазақстан Республикасының аумағында асырап алуы осы Кодексте шетелдіктер үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.";

6) 89-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алуды Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы белгілеген тәртіппен қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар жүргізеді.

3. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдарды, шетелдіктерді есепке алуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері жүргізеді.";

7) 91-баптың 2-тармағында:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) асырап алған кезде қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдарды, сондай-ақ осы тармақтың 14) тармақшасында аталған адамдарды;"

13) тармақшадағы "адамдарды қоспағанда, кәмелетке толған адамдар бала асырап алушылар болуы мүмкін." деген сөздер "адамдарды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және имандылыққа, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдарды қоспағанда (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда), кәмелетке толған адамдар бала асырап алушылар болуы мүмкін.";

8) 92-баптың 1-тармағындағы "және ол қырық бес жастан аспауға" деген сөздер алып тасталсын;

9) 93-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ата-аналары туыстарына, асырап алынатын баланың (балалардың) анасымен немесе әкесімен некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдарға баланы асырап алуға келісім бере алады. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар сотқа асырап алудың баланың мүдделеріне сәйкестігі туралы қорытынды береді. Баланы өгей әкесі (өгей шешесі) асырап алған немесе баланы ата-аналарының келісімі бойынша туыстары асырап алған жағдайда, асырап алудың баланың мүдделеріне сәйкестігі туралы қорытынды талап етілмейді.";

10) 111-бапта:

1-тармақ "аккредиттеуге жатады" деген сөздерден кейін "олардың құрылтайшылары агенттік орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылады" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелген агенттіктердің жалпы саны жиырмадан аспауға тиіс.";

11) 112-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасындағы "сенімхатты қоса тіркей отырып, өтініш беруге міндетті." деген сөздер "сенімхатты;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8), 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) агенттік орналасқан мемлекеттің аумағында немесе Қазақстан Республикасының аумағында агенттіктің қызметі тоқтатылған жағдайда, белгіленген тәртіппен асырап

алынған балалардың өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары туралы есептер мен ақпаратты беріп отыратын органды немесе ұйымды тағайындау туралы агенттік орналасқан мемлекеттің құзыретті органының міндеттемесін;

9) агенттік орналасқан мемлекеттің құзыретті органының баланың қайтыс болу, оған қатыгездік көрсету, оның ішінде балаға физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық жасау, сондай-ақ баланың жыныстық тиіспеушілігіне қастық жасау фактісі анықталған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына хабар беру туралы міндеттемесін;

10) агенттік орналасқан мемлекеттің құзыретті органының агенттіктің құрылтай құжаттарындағы өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органын хабардар ету туралы міндеттемесін қоса бере отырып, өтініш беруге міндетті.";

8-тармақтың 8) тармақшасындағы "тоқтатылуы болып табылады." деген сөздер "тоқтатылуы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелген агенттіктердің белгіленген санынан асыру болып табылады.";

12) 113-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Агенттік филиалын және (немесе) өкілдігін аккредиттеу, олардың қызмет етуін тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының ресми интернет-ресурсына шешімді орналастыру арқылы Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы таратады.";

13) 114-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы ", агенттік өкілдігі орналасқан аумақта тұрақты тұратын басқа да мемлекеттердің азаматтарына" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) берілген күнінен бастап алты ай ішінде жарамды болатын (асырап алуға кандидаттардың құжаттарында көрсетілген мерзімдерді қоспағанда) асырап алуға баланы таңдау үшін асырап алушыға кандидаттардың құжаттарын Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына, сондай-ақ асырап алу үшін сотқа ұсынуға;"

14) 4-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бөлім. Қорғаншылық немесе қамқоршылық, Республикалық деректер банкі, баланы қабылдайтын және бала қонақтайтын отбасылар"

15) 116-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау оларды отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға,

қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа, баланы қабылдайтын отбасына) беру арқылы жүзеге асырылады, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде — жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барлық типтегі ұйымдарға беру арқылы жүзеге асырылады.";

16) 117-баптың 5 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша олар туралы мәліметтер түскен күннен бастап бір ай ішінде баланы орналастыруды қамтамасыз етеді (Республикалық деректер банкінің бастапқы есебіне алу).

Баланы отбасына тәрбиеге беру мүмкін болмаған кезде Республикалық деректер банкінің өңірлік есебіне алу және кейіннен баланы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасына тәрбиелеуге орналастыруда жәрдем көрсету үшін бір ай өткен соң бала туралы мәліметтерді тиісті аумақтық-әкімшілік бірліктердің қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органына жібереді.

6. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасының азаматтарына асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, баланы қабылдайтын отбасына, патронат тәрбиешілердің отбасына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған кезде өзіне бала туралы мәліметтер түскен күннен бастап екі ай мерзім өткен соң жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Республикалық деректер банкінің орталықтандырылған есебіне қою үшін Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына хабарлауға міндетті.

Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібін Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.";

17) 118-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа отбасына тәрбиелеуге немесе баланы қабылдайтын немесе қонақтайтын отбасына беру туралы шарт бойынша патронаттық тәрбиелеуге берілген, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде — барлық типтегі ұйымдарға (білім беру, медициналық және басқалар) берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырған кезде баланың мүддесінде оның ұлты, белгілі бір дінді және мәдениетті ұстанатыны, ана тілі, тәрбиелеу мен оқытуда сабақтастықты қамтамасыз ету мүмкіндігі ескерілуі мүмкін."

18) мынадай мазмұндағы 15-1-тараумен толықтырылсын:

"15-1-тарау. Республикалық деректер банкі

118-1-бап. Республикалық деректер банкін қалыптастыруға және пайдалануға қойылатын талаптар

1. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың орналасқан жері бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдары және Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы республикалық деректер банкін қалыптастырады.

2. Республикалық деректер банкінде қамтылатын мәліметтер мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылады.

118-2-бап. Республикалық деректер банкін қалыптастыру

1. Республикалық деректер банкін қалыптастыру және пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.

2. Республикалық деректер банкін қалыптастыру үшін ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді міндетті тәртіппен ұсынатын, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар осындай мәліметтерді пайдалануға өз құқықтарын жоғалтпайды.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарды мұндай балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына тәрбиелеуге орналастыру немесе орналастыруды ұйымдастыру жөніндегі міндеттен босатпайды.

3. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адам жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың орналасқан жері бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарына немесе кейіннен тіркеу үшін Республикалық деректер банкіне өзі туралы мәлімет береді.

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адам мұны олардың тұратын жеріне қарамастан, кез келген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жүзеге асыруға құқылы.

118-3-бап. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы құпия ақпаратқа қол жеткізу

1. Балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы құпия ақпаратқа қол жеткізуі олар Республикалық деректер банкінде тіркелген және



Республикалық деректер банкінің мәліметтерін жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдаған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы құпия ақпаратты жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органы және Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы туынды ақпаратты жасау үшін пайдалана алады.

Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы туынды ақпаратты коммерциялық мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы туынды ақпаратқа Республикалық деректер банкінде қамтылған, жынысы жөніндегі, жасы, денсаулық жағдайы, мінезінің ерекшеліктері, ата-ана қамқорлығының болмау себептері, аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының), кәмелетке толған туыстарының бар-жоғы, сондай-ақ отбасыларға тәрбиелеуге орналастырудың ықтимал нысандары туралы ақпарат және балалардың фотосуреттері жатқызылады.

118-4-бап. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкінде есепке алуды тоқтату

1. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған бала туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкінде есепке алуды тоқтатуға:

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы отбасына тәрбиелеуге орналастыру;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы оның ата-аналарына немесе ата-анасына қайтару;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланың кәмелетке толуы немесе мұндай баланың өзі кәмелетке толғанға дейін толық әрекетке қабілеттілікке ие болуы;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланың қайтыс болуы;

баланың сот тәртібімен хабар-ошарсыз кеткен деп танылуы, қайтыс болған деп жариялануы негіздер болып табылады.

2. Баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адам туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкінде есепке алуды тоқтатуға:

адамның баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауы;

баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамның ол туралы мәліметтерді Республикалық деректер банкінде есепке алуды тоқтату туралы жазбаша нысандағы өтініші;

адамға баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдау мүмкіндігін берген мән-жайлардың өзгеруі;

баланы өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамның қайтыс болуы негіздер болып табылады.

118-5-бап. Республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны және оларды жария еткені үшін жауаптылық

Республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны және оларды жария еткені үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.";

19) 122-баптың 1-тармағы 5) тармақшасындағы "адамдарды қоспағанда, тек қана кәмелетке толған адамдар қорғаншылар немесе қамқоршылар бола алады." деген сөздер "адамдарды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) тұрақты тұратын жері жоқ адамдарды;

7) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу кезінде қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдарды, сондай-ақ осы тармақтың 12) тармақшасында аталған адамдарды;

8) азаматтығы жоқ адамдарды;

9) анасының қайтыс болуына немесе оның ата-ана құқығынан айырылуына байланысты баланың кемінде үш жыл іс жүзінде тәрбиелену жағдайларын қоспағанда, тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмайтын еркек жынысты адамдарды;

10) қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу кезінде қамқорлыққа алынушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысы жоқ адамдарды;

11) наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұратын адамдарды;

12) адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және имандылыққа, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдарды қоспағанда (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда), кәмелетке толған адамдар ғана қорғаншылар немесе қамқоршылар бола алады.";

20) мынадай мазмұндағы 17-1-тараумен толықтырылсын:

"17-1-тарау. Баланы қабылдайтын отбасы

132-1-бап. Баланы қабылдайтын отбасы

1. Баланы қабылдайтын ата-аналардың, жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен білім беру ұйымы арасында жасалған жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарт жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беруге негіз болып табылады.

Аға-інілер мен апа-сіңлілерді (қарындастарды) қоспағанда, баланы қабылдайтын отбасы тәрбиелеуге кемінде төрт және оннан аспайтын жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы қабылдай алады.

2. Баланы қабылдайтын отбасылар туралы ережені Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.

132-2-бап. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарт

1. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шартта жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оларға білім беру жағдайлары, баланы қабылдайтын ата-аналардың құқықтары мен міндеттері, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар болған білім беру ұйымының баланы қабылдайтын ата-аналарға қатысты міндеттері, сондай-ақ осындай шартты тоқтатудың негіздері мен салдарлары көзделуге тиіс.

Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар баланы қабылдайтын ата-аналарға көрсетілген шартта көзделген мерзімге тәрбиелеуге беріледі.

Баланы қабылдайтын отбасына берілген әрбір жетім балаға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаға жеке шарт жасалады.

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарттың мерзімі аяқталған жағдайда, оның отбасында болу мерзімін ұзарту жаңа шарттың негізінде жүргізіледі.

2. Баланы қабылдайтын ата-аналарға еңбекақы және ақшалай төлемдер төлеу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын ата-аналарға беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу:

1) дәлелді себептер (ауруы, отбасылық немесе материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасындағы жанжалды қатынастар және басқалар) болған кезде баланы қабылдайтын ата-аналардың бастамасы бойынша;

2) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оларға білім беру үшін қолайсыз жағдайлар туындаған кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын

органның немесе жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар болған білім беру ұйымының бастамасы бойынша;

3) бала ата-аналарына қайтарылған, туыстарына берілген немесе бала асырап алынған жағдайларда мүмкін болады.

132-3-бап. Баланы қабылдайтын ата-аналар

1. Баланы қабылдайтын ата-аналар тәрбиелеуге қабылданған жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты қорғаншылар мен қамқоршылар сияқты дәл сондай құқықтар мен міндеттерді иеленеді. Оларға осы Кодекстің 122-бабының 1-тармағында көзделген талаптар қойылады.

2. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оларға білім беру үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін баланы қабылдайтын ата-аналардың меншік құқығында әр адамға кемінде он бес шаршы метр мөлшерінде жеке тұрғынжайы немесе пайдалану құқығымен тұрғынжайы болуға тиіс.

3. Баланы қабылдайтын ата-аналар алты айда бір реттен сиретпей жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар болған білім беру ұйымдарына жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулық жағдайы туралы және оларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыс туралы есептерді, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуға бөлінген қаражатты жұмсау туралы, сондай-ақ олардың мүлкін басқару жөніндегі есепті ұсынуға міндетті.

132-4-бап. Баланы қабылдайтын отбасына берілетін жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар

1. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарт бойынша беру үшін оларды алдын ала таңдауды жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар болатын білім беру ұйымымен және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органмен келісу бойынша жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар жүзеге асырады.

Балалардың мүдделеріне сай келетін және балалар өзінің туыстық қатынасы туралы білмейтін, бірге тұрмаған және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, аға-інілер мен апа-сіңлілерді (қарындастарды) ажыратуға жол берілмейді.

2. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын ата-аналарға беру олардың пікірлері ескеріле отырып жүзеге асырылады. Он жасқа толған жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар өздерінің келісімдерімен ғана берілуі мүмкін.

3. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды беру кезінде баланы қабылдайтын ата-аналардың имандылық және өзге де жеке қасиеттері,

баланы қабылдайтын ата-аналардың міндеттерін орындауға олардың қабілеттілігі, баланы қабылдайтын ата-аналар мен жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар арасындағы қарым-қатынастар ескеріледі.

4. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар өздеріне тиесілі алименттерге, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін ата-аналарының зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақыларға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғынжайға меншік құқығын немесе тұрғынжайды пайдалану құқығын сақтайды. Тұрғынжай болмаған кезде баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес оларға тұрғынжай берілуіне құқығы бар.

Жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға тиесілі ақшалай қаражатты және басқа да мүлікті сақтау жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын ата-аналарға беру туралы шарттың қолданылу уақытында баланы қабылдайтын ата-аналарға жүктеледі.

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар осы Кодекстің 60, 61, 62 және 67-баптарында көзделген құқықтарды да иеленеді.

132-5-бап. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы белгілеген тәртіппен және мөлшерде жүзеге асырылады.";

21) мынадай мазмұндағы 18-1-тараумен толықтырылсын:

"18-1-тарау. Бала қонақтайтын отбасы

137-1-бап. Бала қонақтайтын отбасы

Баланы қонақтайтын отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар және бала тұрып жатқан ұйым, баланың тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган арасында жасалған, баланы қонақтайтын отбасына беру туралы шарт баланы қонақтайтын отбасына беруге негіз болып табылады.

Бала қонақтайтын отбасы бірнеше жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы қабылдай алады.

2. Бала қонақтайтын отбасы туралы ережені Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.

137-2-бап. Баланы қонақтайтын отбасына беру туралы шарт

1. Баланы қонақтайтын отбасына беру туралы шартта баланы күтіп-бағу және тәрбиелеу шарттары, баланы қонақтайтын отбасына қабылдаған адамдардың құқықтары мен міндеттері, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, бала тұрып жатқан ұйымның міндеттері, сондай-ақ мұндай шартты тоқтату негіздері мен салдарлары көзделуге тиіс.

Бала қонақтайтын отбасына көрсетілген шартта көзделген мерзімге беріледі.

Бала қонақтайтын отбасына берілген әрбір балаға бөлек шарт жасалады.

2. Қонақта тәрбиелеу кезінде баланы күтіп-бағуға арналған ақшалай төлем және баланы қонақтайтын отбасына қабылдаған адамның еңбегіне ақы төлеу жүргізілмейді.

3. Баланы қонақтайтын отбасына беру туралы шарт:

1) дәлелді себептері (науқасы, отбасылық немесе материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар арасында жанжалдар және басқалар) болған кезде бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдаған адамдардың бастамасы бойынша;

2) баланы күтіп-бағу мен тәрбиелеу үшін қолайсыз жағдайлар туындаған кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, бала тұрып жатқан ұйымның бастамасы бойынша;

3) бала қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, асырап алған отбасына, патронатқа берілген немесе баланы асырап алған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

137-3-бап. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдаған адам

1. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдайтын адамға баланы беру ол Республикалық деректер банкінде тіркелген жағдайда жүзеге асырылады.

2. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдаған адам оның заңды өкілі болып табылмайды және ол:

1) баланы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге әкетуді жүзеге асыруға;

2) баланы медициналық көмек көрсету үшін медициналық ұйымға орналастыру немесе ішкі істер органдарына жеткізу жағдайларынан басқа, баланы үшінші тұлғалардың (жеке және (немесе) заңды тұлғалардың) қадағалауына қалдыруға;

3) бала қонақтайтын отбасына баланы беру туралы шарттың өзге де талаптарын бұзуға құқылы емес.

3. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдаған адам:

1) бала отбасында уақытша болған кезеңде оның өмірі мен денсаулығы үшін жауапты болуға;

2) бала қонақтайтын отбасына беру туралы шарт мерзімі өткен соң бала тұрып жатқан ұйымға баланы дереу қайтаруға;

3) баланың өміріне және (немесе) денсаулығына қауіп төндіретін жағдайдың туындағаны, баланың науқастанғаны, оның жарақат алғаны, оның медициналық

ұйымға немесе ішкі істер органдарына орналастырылғаны туралы жиырма төрт сағат ішінде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға немесе бала тұрып жатқан ұйымға хабарлауға;

4) Бала қонақтайтын отбасы туралы ереженің өзге де шарттарын сақтауға міндетті.

137-4-бап. Бала қонақтайтын отбасына берілетін бала

1. Шарт бойынша бала қонақтайтын отбасына баланы беру үшін баланы алдын ала тандауды бала тұрып жатқан білім беру ұйымымен және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органмен келісу бойынша бала қонақтайтын отбасына қабылдауға тілек білдірген адам жүзеге асырады.

Балалардың мүддесіне сай келетін және балалар өзінің туыстық қатынасы туралы білмейтін, бірге тұрмаған және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, аға-інілер мен апа-сіңлілерді (қарындастарды) ажыратуға жол берілмейді.

2. Бала қонақтайтын отбасына баланы қабылдауға тілек білдірген адамға баланы беру оның пікірі ескеріле отырып жүзеге асырылады. Он жасқа толған бала оның келісімімен ғана берілуі мүмкін.";

22) 188-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде не ата-аналары немесе олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша шетелдік тіркеуші органдарда тіркелуіне қарамастан, осы Кодексте белгіленген мерзімдерде тіркеуші органда жүргізіледі. Баланың тууын ата-аналары не олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша тіркеген жағдайда, баланың туған жері болып осы елді мекен көрсетіледі.";

23) 189-бапта:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Баланың тууы туралы өтінішті оның ата-аналары не басқа да мүдделі адамдар тіркеуші органдарға ол туған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей беруге тиіс, ал бала өлі туған жағдайда, босанған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей медициналық ұйымның жауапты лауазымды адамы өтінішті береді.

Үш жұмыс күні өткен соң берілген өтініш бойынша баланың тууын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша тіркеуші орган жасаған қорытындының негізінде жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бала Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған жағдайда баланың тууы туралы өтінішті оның ата-аналары не басқа да мүдделі адамдар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне оның туған күнінен бастап екі айдан кешіктірмей беруге тиіс.";

24) 282-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"282-бап. Осы Кодексті қолдану тәртібі

1. Осы Кодекс оны қолданысқа енгізгеннен кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

2. Осы Кодекстің 112-бабы 2-тармағының 8), 9) және 10) тармақшаларының ережелері қолданысқа енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттеуді алған бала асырап алу жөніндегі агенттіктер көрсетілген тармақшалардың ережелері қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органына тиісті міндеттемелер ұсынуға міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзім өткен соң осы Кодекстің 112-бабының 2-тармағы 8), 9) және 10) тармақшаларының ережелеріне сәйкес міндеттемелер ұсынбаған бала асырап алу жөніндегі агенттіктер Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін тоқтатады."

3. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат):

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 42) тармақшамен толықтырылсын:

"42) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс – осы Кодекстің 120 (зорлау), 121 (сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттер), 122 (он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау), 123 (жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету), 124 (жас балаларды азғындық жолға түсіру) — баптарында көзделген, жас балаларға және кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған іс-әрекеттер.";

2) 51-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу жазаның қосымша түрі ретінде тағайындалуы мүмкін және жазаның негізгі түрі өтелгеннен кейін орындалады.";

3) 63-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде, адамды аса ауыр қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс үшін соттаған кезде адамдарға шартты түрде соттау қолданылмайды. Көрсетілген шектеу он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.";

4) 65-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінің ережелері, осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, кәмелетке



толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды. Көрсетілген шектеу он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.";

5) 67-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігінің ережесі, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты кәмелетке толмаған жасаған жағдайларды қоспағанда, мұндай қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.";

6) 68-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың ережелері, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты кәмелетке толмаған адам жасаған жағдайларды қоспағанда, абайсызда адам өліміне не екі және одан көп адамның өліміне әкеп соққан қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.".

7) 72-бапта:

үшінші бөліктің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 3) тармағында көзделген негіздер бойынша жойылған болса, жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін;";

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамға, адамдардың қаза табуына әкеп соққан не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс үшін сотталған адамға, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін сотталған адамға қолданылмайды. Көрсетілген шектеу он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.";

8) 73-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден бұрын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған және жазаның қалған өтелмеген бөлігі кезеңінде жаңа қылмыстар жасаған адам жаза мерзімінің үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру, кәмелетке толмағанның он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты осындай қылмыс жасаған жағдайды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға жыныстық

тиіспеушілікке қарсы қылмыс, адамдардың қаза табуына әкеп соққан не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс, сондай-ақ қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс үшін сотталған адамдарға қатысты қолданылмайды.";

9) 76-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Террористік немесе экстремистік қылмыс не қылмыстық топ құрамында жасалған немесе кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін сотталған адамдарды қоспағанда, ауыр немесе аса ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның жазасын өтеуін сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер болған кезде, үш айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды шектеу он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты қылмыс жасалған жағдайда кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.";

10) 77-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот ескіру мерзімін қолдану мүмкін болады деп таппаса, өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылады, ал өмір бойына бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Кәмелетке толмағанның он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты осындай қылмыс жасаған жағдайды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет саласында аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға ескіру мерзімдері қолданылмайды.";

11) 78-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәмелетке толмағанның он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты осындай қылмыс жасаған жағдайды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға рақымшылық жасау туралы акт қолданылмайды.";

12) 83-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды осы Кодекстің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.";

13) 91-бапта:

бірінші бөліктің 4) тармағындағы "мұқтаж деп танылған адамдарға тағайындауы мүмкін." деген сөздер "мұқтаж деп танылған;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақпен толықтырылсын:

"5) кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған он сегіз жастан асқан адамдарға тағайындауы мүмкін.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың бірінші бөлігінің 1) – 4) тармақтарында көрсетілген және өзінің психикалық жай-күйі бойынша қауіп төндірмейтін адамдарға қатысты сот осы адамдарды емдеу немесе оларды психоневрологиялық ұйымдарға жіберу туралы мәселені Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешу үшін денсаулық сақтау органдарына қажетті материалдар жібере алады.";

14) 93-бапта:

бірінші бөліктің 4) тармағындағы "мәжбүрлеп емдеуді тағайындауы мүмкін." деген сөздер "мәжбүрлеп емдеуді;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақпен толықтырылсын:

"5) химиялық кастрациялау түрінде мәжбүрлеп емдеуді тағайындауы мүмкін.";  
мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға сот жаза мерзімін өтегеніне қарай бостандығынан айыру орындарынан босату кезінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту немесе тоқтату туралы мәселені шешеді.";

15) 98-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 91-бабы бірінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында көзделген жағдайда, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары – бас бостандығынан айыруды өтеу орнында, ал өзге де жаза түрлеріне сотталғандарға қатысты амбулаториялық психиатриялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында орындалады.";

16) 427-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталған адамның, сондай-ақ алкоголизмнен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан емделуге мұқтаж деп танылған сотталған адамдардың медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын өздеріне қолданудан жалтаруы – бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.".

4. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат):

217-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тергеу судьясы өтінішхатты алынған кезінен бастап үш тәулік ішінде қарайды және оның нәтижелері бойынша өтінішхатты қанағаттандыру не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады. Өтінішхат қанағаттандырылған жағдайда, тергеу судьясы алғаш мүмкіндік болған кезде жауап алу уақытын белгілейді, бұл туралы прокурорға, күдікті мен іске қорғаушы ретінде қатысатын оның адвокатына хабарлайды. Тергеу судьясының өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысына осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалады және наразылық білдіріледі. Тергеу судьясының өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартуы айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхатты сотқа жіберу негіздерінің болуын көрсететін мән-жайлар туындаған жағдайда, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардың қайтадан жүгінуіне кедергі келтірмейді. Кәмелетке толмағандардың айғақтарын сақтауға қою туралы өтінішхат міндетті түрде қанағаттандырылуға жатады."

5. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 17, 91-бап; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 7, 33-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат):

1) 32-баптың 1-тармағының б) тармақшасындағы "ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары баруға құқылы." деген сөздер "ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Бала құқықтары жөніндегі уәкіл баруға құқылы.";

2) 171-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қайталап қауіпті қылмыстар жасағаны үшін, сол сияқты террористік немесе экстремистік қылмыстар және кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін;"

6. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат):

1) мазмұнында:

135-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"135-бап. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзу және оларды жария ету";

2) 54-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың және (немесе) ішкі істер органдарының өтінішхаты бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде сот осы Кодекстің 73, 127, 128, 131, 434, 435, 436, 440 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 442 (үшінші бөлігінде), 448, 461, 482, 485 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адамның мінез-құлқына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге:

1) жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, жәбірленушінің еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға;

2) атыс қаруын және қарудың басқа да түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға;

3) кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз кәмелетке толмағандарға белгілі бір жерлерге баруына, басқа да жерлерге шығуына;

4) алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды қолдануға толық көлемде немесе жеке-жеке тыйым салуды көздейтін ерекше талаптар белгілеуі мүмкін."

;

3) 135-бапта:

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"135-бап. Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзу және оларды жария ету";

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қарауында ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар тұратын ұйымдар басшыларының, Қазақстан Республикасының атқарушы органдары лауазымды адамдарының, егер бұл әрекетте (әрекетсіздікте) қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, сондай-ақ балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың:

1) Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың

республикалық деректер банкіне жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну мерзімдерін сақтамау;

2) Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы анық емес мәліметтер ұсыну, көрсетуге жататын деректерді жасыру;

3) Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкінде қамтылған жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы деректерді заңсыз жария ету түрінде жасаған бұзушылығы – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

4) 409-бап мынадай мазмұндағы жаңа 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Білім беру ұйымдары қызметкерінің (субъектілерінің) білім беру ұйымдарында заңсыз әрекеттердің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы фактілерді, сондай-ақ білім беру ұйымынан тыс жерде өздерінің білім алушыларының немесе соларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) жасалғаны туралы өздеріне белгілі болған фактілерді құқық қорғау органдарынан жасыруы, сол сияқты хабарламауы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) 685-баптың бірінші бөлігі және екінші бөлігінің 2) тармақшасы "408," деген цифрлардан кейін "409 (3-1-бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын.";

6) 804-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақшадағы "135," деген цифрлар алып тасталсын;

63) тармақшадағы "бақылау органдарының (462-бап) уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының құқығы бар." деген сөздер "бақылау органдарының (462-бап);" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 64) тармақшамен толықтырылсын:

"64) баланың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының құқығы бар (135-бап)."

7. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., № 52, 636-құжат; 1995 ж., № 19, 117-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 10, 101-құжат; 2004 ж., № 19, 115-құжат; № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2011 ж., № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 16, 90-құжат; 2015 ж., № 22-V, 158-құжат):

1) 21-баптың б) тармақшасындағы "сот жарамсыз деп таныса, айырылады." деген сөздер "сот жарамсыз деп таныса;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, шетелдіктерге асырап алуға берілген бала кәмелетке толған кезде оның ерікті қалауы бойынша айырылады.";

2) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Асырап алынған жағдайда баланың Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтауы

Шетелдіктер асырап алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын бала кәмелетке толғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтайды.

Осы бапта аталған баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына не шығуына ол кәмелетке толғаннан кейін және ерікті қалауы бойынша ғана жол беріледі.";

3) 31-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері:

Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде өтініштер қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді;

Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылуын тіркейді;

Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының есебін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізеді;

Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдарға Қазақстан Республикасы азаматтығының тиесілігін айқындайды."

8. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 13, 272-құжат; 2002 ж., № 18, 159-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 5-6, 40-құжат; 2009 ж., № 24, 122-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; 2015 ж., № 21-І, 125-құжат):

1) 2-баптың а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) экстремистік және (немесе) террористік қылмыстар және кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін";

2) 6-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік қадағалау алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Қадағалауға алынған адам әкімшілік қадағалау қағидаларын немесе өзіне жарияланған шектеулерді бұзған, сол сияқты құқық бұзушылықтар жасаған

жағдайларда, белгіленген әкімшілік қадағалау мерзімі ішкі істер органдарының уәжді ұсынуы бойынша судьяның қаулысымен – әрбір кезде алты айға ұзартылады, бірақ ол екі жылдан аспауға тиіс, ал кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты әрбір кезде бір жылға ұзартылады.";

3) 7-бап мынадай мазмұндағы г) тармақшамен толықтырылсын:

"г) кәмелетке толмағандардың ата-аналары не заңды өкілдерінің келісімінсіз оларды іздестіруге, оларға баруға, олармен телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілмен қарым-қатынас жасауға тыйым салу."

9. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 17, 154-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; № 17, 81-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 173-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 23-II, 172-құжат):

1) 1-бапта:

б) тармақша "патронат тәрбиелеуші," деген сөздерден кейін "баланы қабылдайтын ата-аналар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкіл – Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын, өзіне балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі функциялар жүктелетін адам.";

3) мынадай мазмұндағы 7-1 және 7-2-баптармен толықтырылсын:

"7-1-бап. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институты

1. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институтын Қазақстан Республикасының Президенті құрады және ол өз қызметін балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында қоғамдық негізде жүзеге асырады.

2. Баланың құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі:

1) заңдылық;

2) тәуелсіздік;



- 3) балалар үшін қолжетімділік;
- 4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 5) объективтілік;
- 6) жариялылық қағидаттарына негізделеді.

3. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

#### 7-2-бап. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл

Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында:

1) баланың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына қатысты өтініштерді және баланың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың, олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;

2) баланың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін кедергісіз іске асыруға және қалпына келтіруге жәрдем көрсетеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

4) білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау, қорғаныс, мәдениет және спорт жүйелерінің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына, сондай-ақ кәмелетке толмағандар ұсталатын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне баруға кедергісіз қол жеткізеді;

5) баланың құқықтарымен айналысатын мемлекеттік және қоғамдық институттардың құжаттарына кедергісіз қол жеткізеді;

6) өзіне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді орындайды.";

#### 3) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Қорғаншылық, қамқоршылық, патронат және баланы қабылдайтын отбасы

1. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаға қорғаншылық, қамқоршылық немесе патронат белгіленеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарының қорғалуы үшін ол баланы қабылдайтын отбасына берілуі мүмкін.

2. Жасы он төртке толмаған балаларға қорғаншылық белгіленеді, ал он төрттен бастап он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға қамқоршылық белгіленеді.

3. Жергілікті атқарушы органдар қорғаншылық және қамқоршылық органдары болып табылады.

4. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе басқа да мекемедегі балаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес патронат белгіленуі мүмкін.

5. Тәрбиелеу мекемесіндегі жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланы қабылдайтын отбасына берілуі мүмкін.

6. Аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) бар балаға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген жағдайда, олардың бірге тұруы үшін жағдай жасалады.";

4) мынадай мазмұндағы 28-1-баппен толықтырылсын:

"28-1-бап. Бала қонақтайтын отбасы

Барлық үлгідегі (білім беру, медициналық және басқа да) ұйымдардағы жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар білім беру процесіне байланысты емес кезеңдерде (каникулдар, демалыс және мереке күндері) бала қонақтайтын отбасыларға берілуі мүмкін.";

5) 30-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды."

10. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-V, 156-құжат):

41-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Байланыс желілері және (немесе) құралдары жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасын бұзатын, экстремистік және террористік әрекетті жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып жүргізілетін, кәмелетке толмағандарды сексуалдық қанау және балалар порнографиясын насихаттайтын бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын ақпаратты тарату үшін пайдаланылған жағдайларда, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасарлары уәкілетті органға байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің

көрсетілуін, интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қолжетімділікті уақытша тоқтата тұру жөніндегі шараларды қабылдау туралы талаппен заң бұзушылықтарын жою туралы ұйғарым енгізеді."

11. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; № 18, 142-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 7-құжат; № 7, 34-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 10, 50-құжат; № 14, 72-құжат; № 20-IV, 113-құжат, № 21-III, 135-құжат, № 22-I, 140-құжат, № 22-V, 156, 158-құжаттар, № 23-II, 170, 172-құжаттар):

1) 1-бапта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) "Болашақ" халықаралық стипендиясы — Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқуы немесе Шетелдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия санаттарын айқындайтын жұмыскерлердің шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өтуі үшін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын стипендия;"

45-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"45-1) мемлекеттік оқу бітіру емтиханы – білім алушылардың орта білім беру курсы аяқтағаны туралы куәландыратын, мемлекеттік үлгідегі құжатты алуы үшін қажетті шарт болып табылатын, орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау нысаны;"

56) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"56) ұлттық бірыңғай тестілеу – жоғары оқу орындарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны;"

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 46-15) тармақшамен толықтырылсын:

"46-15) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған шығыстарды қаржыландыру нормативтерін және оларды жоспарлау әдістемесін бекітеді;"

3) 6-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 22-2) тармақшамен толықтырылсын:

"22-2) жыл сайын белгіленген мерзімдерде білім саласындағы уәкілетті органның білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесінде статистикалық байқаулар деректерін жинауды қамтамасыз етеді;"

4-тармақ мынадай мазмұндағы 19-3) тармақшамен толықтырылсын:

"19-3) жыл сайын белгіленген мерзімдерде білім саласындағы уәкілетті органның білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесінде статистикалық байқаулар деректерін жинауды қамтамасыз етеді;"

4) 8-баптың 4-1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Орта білім беру ұйымдарында оқитындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидалары, Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында оқитын және тәрбиеленетін балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жосықсыз берушілердің, тауарлардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын білім саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

5) 9-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік тіл және орыс тілі орта білім беру ұйымдарында білім алушыларға қорытынды аттестаттау өткізу кезінде пәндер тізбесіне енгізілетін міндетті пәндер болып табылады.";

6) 26-баптың 5-тармағы 3) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру гаранттарын алуға конкурс өткізу кезінде, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына кіргізу кезінде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынсыз қалған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің, жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оның мүгедектеріне теңестірілген адамдардың, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдардың артықшылық құқығы болады.";

7) 28-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау мемлекеттік оқу бітіру емтихандары нысанында жүзеге асырылады.";

8) 30-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу отбасында немесе бір жастан бастап алты жасқа дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады.";

9) 31-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 1-сыныпқа оқуға балалар алты жастан қабылданады.";

10) 39-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын, докторантураның, сондай-ақ әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттар;"

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары береді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттардың нысаны мен оларды толтыруға қойылатын талаптарды білім беру ұйымы айқындайды.";

11) 47-баптың 6-1 және 6-2-тармақтары алып тасталсын;

12) 51-баптың 3-тармағы 8) тармақшасындағы "күрметтеуге міндетті." деген сөздер "күрметтеуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) білім алушылар жасаған, оның ішінде білім алушыларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілері туралы не өздеріне белгілі болған, білім беру ұйымдарынан тыс жерде болған осындай құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;

10) өмірде қиын жағдайға тап болған баланы анықтағаннан бастап бір жұмыс күні ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесі органдарына хабарлауға міндетті.".

12. "Назарбаев Университет", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" мәртебесі туралы" 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 2, 20-құжат; 2012 ж., № 5, 36-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2015 ж., № 14, 72-құжат) 10-баптың 3 және 5-тармақтары алып тасталсын.

13. "Ең төмен элеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" 2015 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 10, 49-құжат, № 15, 78-құжат; № 22-І, 143-құжат; № 22-V, 152-құжат):

1) 27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа, баланы қабылдайтын отбасына) берілген жетім балалардың,

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету" ең төмен әлеуметтік стандарты отбасы және балалар саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт болып табылады.";

2) 28-баптың 3) тармақшасындағы "нормативін (мөлшерін) қамтиды." деген сөздер "нормативін (мөлшерін);" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім баланы немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы күтіп-бағуға арналған төлем нормативін (мөлшерін) қамтиды."

14. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 21-III, 135-құжат):

2-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2017 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін:

"3. Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжатты:

1) негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары, сондай-ақ әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар және мемлекеттік аттестаттаудан өткен білім беру ұйымдары;

1-1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік аттестаттаудан немесе аккредиттеуден өткен халықаралық мектептер;

2) әскери және арнаулы жоғары оқу орындарын қоспағанда, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық еуропалық желілердің толық құқылы мүшелері болып табылатын шетелдік немесе ұлттық аккредиттеу органдарында халықаралық аккредиттеуден өткен және білім саласындағы уәкілетті органның тізіліміне енгізілген білім беру ұйымдары береді.

Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды толтыруға қойылатын талаптарды білім саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**2-бап. Осы Заң:**

1) 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының екінші, үшінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 3) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтарын, 18), 20) тармақшаларын, 6-тармағының 1), 3), 4), 5), 6) тармақшаларын, 9-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацын, 3) тармақшасын, 11-тармағы 1) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші абзацтарын, 5), 7), 11) тармақшаларын, 12 және 14 -тармақтарын;

2) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағын, 3-тармағының 13), 14), 15) тармақшаларын;

3) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 11-тармағының 8) және 9) тармақшаларын;

4) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 11-тармағының 10) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. Назарбаев*